

Түркістан облысы
Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Қазына» бөбекжайы
«Қарлығаш» ересек тобы

Тақырыбы:

«Қош келдің, Жаңа жыл!»



Тәрбиеші: Манибаева А

2022-2023жыл

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы!

Құтты болсын ағайын!

Жаңа жылың тағы да

Қол соғып қарсы алайық

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік басталсын

«Қарлығаш » ересек тобында!

(балалар кіреді)

Жүргізуші: Жаңа жыл келді

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл!

Құттықтаймыз сіздерді!

Жүргізуші: Ендеше, шыршамызға тақпақтарымызды айтайық.

Айым:

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Ырысали;

Жаңа жыл Жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Исламбек;

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам он болсын

Төрле Төрле Жаңа жыл

Бізге Құтты жыл болсын

Нұриман

Жаңа жылда, балалар,

Тек қуаныш көріңдер.

Ауырмандар ешқашан,

Мықты болу өзіңнен.



Жүргізуші: - Балалар, жарайсындар. Айтындаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?

Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 – рет
(Сикыршы ортаға кіреді)

Сикыршы: Саламатсындар ма балалар! Бүгінгі мерекелерің құтты болсын! Қараңдаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп - әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз. Бірақ,... шыршамыз көңілсіз, қане менің сикырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Бәрі: Қуант, бізді, таңырқат
Шамдарыңды жарқырат! 3 рет
(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

Жүргізуші:
Міне, керемет, ендігі кезекте көңілді биді қарсы алайық!

Би: «Көңілді би»

Жүргізуші: Балалар біздің Аяз атамыз мерекемізге кешігіп жатыр ғой, тағы да шақырып көрейікші.

(Аю ортаға кіреді)

Аю: Мен қысқы ұйқыда болатынмын, қатты айқай – шу, тасыр - тұсыр шошып ояндым, не болып қалды деп сұрап едім, бәрінің айтатындары бір - ақ сөз: «Жаңа жыл келіп қалды, жаңа жыл» - дейді. Машаны да іздеп, осында болар деп келдім.

Жүргізуші: Мәссаған, балалар бұл кім?

Жүргізуші: - Иә, «Маша мен аю» мультфильмін сендер өте жақсы көресіндер ғой. Бірақ біз Аяз атаны шақырдық қой, аюды емес...

(осы кезде Маша келеді. Шыршаға таңырқап)

Маша – Керемет... саламатсындар ма балалар, шыршаларың неткен әдемі....

Аю. - Әрең таптым - ау, сені қасқыр жеп қойған шығар деп едім. (деп кетіп бара жатады)

Жүргізуші: Тоқтаңыздар, кетпеңіздер, бізбен бірге болыңыздар! Бізбен бірге басты қонақ Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық!
(Екеуі қуанып, балалардың жаныңа келеді)

Жүргізуші: (шыршаға қарап)

Шырша дейміз елканы

Балалар билеп қоршады.

Түрлі - түсті ойыншық

Шыршада көз тартады.

- Ой, балалар, шыршамызға Аяз Ата мен Ақшақар жетіспейді.

Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 – рет

Аяз Ата:

Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың

Аландамай өсіңдер

Еркелеп қыз, ұлдарым

өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларың да

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал, мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар.- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт - жұлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын

Қалай тыныш жатпақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші: Саламатсыз ба Аяз ата, Ақшақар! Қош келдіңіздер, баршаңызда, алыс жолдан келдіңіздер.

Әсем әні де, биі де бар

Отыр ата, сәл дем ал.

Ендігі кезекте балалардың Ақшақарға арналған әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Ақшақар»

(Ортаға қоян мен барыс кіреді)

Қоян

Сәлеметсіздер ме, балалар
Мен тұрмын қуанып,
Шаттыққа бөленіп
Бір жыл бойы сіздермен
Дос болайық шаттанып.

Жүргізуші:

Әуеледі әніміз
Жаңа кірді сәніміз
Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз.

Би: «Ақшақар»

Жүргізуші: Балалардың тақпақтарына кезек келіп жеткен секілді. Аяз атаға арналған шумақтарын қабыл алыңыздар.

Дулат:

Жаңа жылға сәніміз
Біздің айтар әніміз
Келдің бе аман алыстан
Сәлем, Аяз атамыз.

Самина:

Шыршамыз да керемет
Ойыншықтар тағылған
Алыс жақтан келіп тұр
Аяз ата сағынған.

Айсұлтан:

Жаңа жылда жаңаша
Тақпақ айтамыз.
Болсын риза балаша,
Әппақ Аяз атамыз.

Мансия:

Жаңа жыл, жаңа жыл
Сені күттім елеңдеп
Өзіңменен ілесіп
Аяз ата келер деп.

Аяз ата: Жарайсыңдар, өнерлі екенсіңдер!

Жүргізуші: Иә, ата, балаларымыз шеттерінен өнерлі, тақпақты да жақсы айтады.

Жүргізуші:

Айта берсек таусылмас
Жаңа жылда жаңа жыр
Кел оданда, халайық
Ойын ойнайық жаңа бір.

Ән: «Аққала»

Ойын: «Байпақ»

Шарты: 2 ойыншы екі сыңарды бөліп алады. Біреуі оң, біреуі сол аяғынікін киеді де, әуенмен билеп, шыршаны айналып, ортаға бірінші жету қажет.
(алдымен ата - аналар, содан соң балалар)

Аяз ата: мына ата - аналар да мықты екен. Жарайсыздар!

Би: «Аққала»

Жасмин:

Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау, қарлы шың.

Хадиша:

Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады
Жылтырап жатады.

Аяулым:

Аяз ата аппақ
Кәмпиттері тәтті - ақ
Маған кәмпит көп берсең
Тағы айтамын тақпақ.

Ән: «Шырша жыры»

Жүргізуші:

- Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?

Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір....

(барлығына сыйлық үлестіріледі)

Аяз - Ата: Жарайсындар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер.

Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер.

Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)

Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!

Би: «Флешмоб»

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!

Азарасов: Тәт



*«Қош келдің – Жаңа жыл!» ертеңгілігінде
«Қарлығаш» ересек тобы*

